

Әуликөл ауданының аумағындағы жер асты суларының Семиозерное кен орны Аманқарағай элеваторының № 9312, № 2056 ұңғымалары учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 17 маусымдағы № 241 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 шілдеде № 4192 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Әуликөл ауданының аумағындағы жер асты суларының Семиозерное кен орны Аманқарағай элеваторының № 9312, № 2056 ұңғымалары учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
комитетінің Қостанай
облысы бойынша
департаменті" мемлекеттік
мекемесінің директоры
_____ Б. Кенжебаев

"Қазақстан Республикасы
 Қоршаған ортаны қорғау
 министрлігінің Су
 ресурстарын пайдалануды
 реттеу және қорғау
 жөніндегі Тобыл-Торғай
 бассейндік инспекциясы"
 республикалық мемлекеттік
 мекемесінің басшысы
 _____ Г. Оспанбекова

Әкімдіктің
 2013 жылғы 17 маусымдағы
 № 241 қаулысына
 қосымша

**Әулікөл ауданының аумағындағы жер асты суларының Семиозерное кен орны
 Аманқарағай элеваторының № 9312, № 2056 ұңғымалары учаскесінде
 шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы
№ 9312, № 2056 ұңғы- малар	Радиусі -әр ұңғыма- ның айнала- сында 50 метр	1,57 гектар	Ұзындығы -167,0 метр Әр ұңғыма үшін барынша ені-152, 6 метр	16,0 гектар	Радиусі -әр ұңғыма- ның айнала- сында 564,0 метр	200,0 гектар

Ескерту: "Қостанай облысының Әулікөл ауданы жер асты суларының Семиозерное кен орны Аманқарағай элеваторының №№ 9312 және 2056 ұңғымалары учаскесінің санитарлық қорғау аймақтары белдеулерінің мөлшерлерін негіздеу жобасы" жобасының картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші "Аманқарағай элеваторы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).